

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сөйлеммен танысайық

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/53392/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Білім беру саласы: Қатынас**Бөлімі:** Сауат ашу және жазу**Тақырыбы:** Сөйлеммен танысайық**Мақсаты:** балаларға сөйлем туралы түсінік беру**Міндеттері:** 1. Сурет бойынша сөйлем құрауға, байланыстырып сөйлеуге үйрету
2. Балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тілін дамыту
3. Ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу**Әдіс - тәсілі:** сұрақ - жауап, түсіндіру**Көрнекілігі:** суреттер, буындар, үлестірмелі текшелер

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс — әрекеті	+	-
---------------	--------------------------	-------------------------	---	---

Мотивациялық қызығушылық	Балалар шаттық шеңберіне дөңгелене тұрып, бір-бірілеріне жылы лебіздерін білдіреді Жұмбақ шешу.	— Мен саған жақсылық тілеймін! — Мейірімді бол! — Денсаулық тілеймін!	
Іздену - ұйымдастыру	Өзі сондай нәзік, Су құйсаң кетеді Алақанын жазып Ол не?		
	Гүлдің суретін көрсету. — Осы гүлге байланысты сөз құрастырып көрейікші Гүл, өсті, әдемі, бақ Енді осы сөздерден сөйлем құрастырыңдар. — Гүл қайда өседі? — Бақта қандай гүл өсіп тұр? Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық. Бақта әдемі гүл өседі. — Осы сөйлем неше сөзден құралған? Сөйлем сөздерден құралады. Сөйлемді сөздер бір-бірімен байланыстырады. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді.	— Гүл — Бақта әдемі гүл өсті — Гүл бақта өседі — Бақта әдемі гүл өсіп тұр	
Дәптермен жұмыс	Сурет бойынша сөйлем құрастыру. Асқар ұшақпен ұшты. Айгүл автобуста отыр. Ұшақ ұшты. Балалар трамвайға отырды	Өлең жолдарын қимылмен көрсету	
Сергіту сәті	Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық, Бір отырып, бір тұрып Бір тынығып алайық	Балалар сурет бойынша сөйлем құрастыру	
Дәптермен жұмыс	Жазбаша тапсырмаларды орындау	Ойын ойнайды	
Бекіту		Балалардың жауаптары	
Қорытынды	Д/о: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» М/ты: баалардың сөйлем құрастыру іскерліктерін дамыту. Сұрақ -жауап арқылы алған білімдерін пысықтау.		

Күтілетін нәтиже.

Білуі тиіс: жұмбақтың шешімін шеше білуі

Игеруі тиіс: сурет бойынша сөйлем құрастырып, сөйлем жайлы түсінуі

Істей алады: дәптердегі тапсырмаларды жасай алады

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы.** Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.